

Орал қалалық мәслихатының 2007 жылғы 25 желтоқсандағы N 4-9 "Орал қалалық мәслихатының 2007 жылғы 27 ақпандағы N 40-9 "Орал қаласында төлем ставкаларын белгілеу" туралы" шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Батыс Қазақстан облысы Орал қалалық мәслихаттың 2008 жылғы 12 тамыздағы N 10-4 шешімі. Батыс Қазақстан облысы Орал қаласының әділет басқармасында 2008 жылғы 15 тамызда N 7-1-110 тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Орал қалалық мәслихаттың 2008 жылғы 23 желтоқсандағы N 13-15 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Орал қалалық мәслихаттың 2008.12.23 N 13-15 Шешімімен.

Батыс Қазақстан облысы әділет Департаментінің 2008 жылғы 15 мамырдағы N 4-8-2411 ұсынысына сәйкес және Қазақстан Республикасының "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Заңының 43 бабын, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 6, 7 баптарын басшылыққа алып, Орал қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Орал қалалық мәслихатының "Орал қалалық мәслихатының 2007 жылғы 27 ақпандағы N 40-9 "Орал қаласында төлем ставкаларын белгілеу" туралы" шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2007 жылғы 25 желтоқсандағы N 4-9 (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тізілімінде 2008 жылғы 22 қаңтарда 7-1-82 нөмірмен тіркелген, "Жайық үні" газетінің 2008 жылғы 31 қаңтардағы N 5, "Пульс города" газетінің 2008 жылғы 7 ақпандағы N 6 жарияланған) шешіміне келесі өзгерістер енгізілсін:

2-тармақтағы "2008 жылғы 1 қаңтардан қолданысқа енеді" сөздері "алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі" сөздерімен а у ы с т ы р ы л с ы н .

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Орал қалалық мәслихатының кезектен
тыс 10-шы сессиясының төрағасы*

Орал қалалық мәслихатының хатшысы

